

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" 2014 жылғы 25 маусымдағы № 95-ө және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 29 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 143-ө өкімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2015 жылғы 2 қыркүйектегі № 76-ө өкімі

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің мынадай өкімдеріне өзгерістер енгізілсін:

1) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2014 жылғы 25 маусымдағы № 95-ө өкімінде:

көрсетілген өкіммен бекітілген "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесінде:

реттік нөмірлері 24, 25 және 29-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

24	Босатылатын оқ-дәрілерді, қару-жарақтарды, әскери-техниканы , арнайы құралдарды жою (құрту, кәдеге жарату, көму) және өңдеу жөніндегі қызметті лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИДМ, ҰЭМ, ІІМ, Қорғанысмині	2015 жылғы қараша
25	Жауынгерлік қол атыс қаруы мен оның патрондарын әзірлеу, жасау, жөндеу, сату, сатып алу жөніндегі қызметті лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИДМ, ҰЭМ	2015 жылғы қараша

";

"

29	Монтаждауды, реттеуді, жаңғыртуды, орнатуды, пайдалануды, сақтауды, жөндеуді және сервистік қызмет көрсетуді қоса алғанда, оқ-дәрілерді, қару-жарақ пен әскери техниканы, олардың қосалқы бөлшектерін, жиынтықтаушы бұйымдары мен аспаптарын, сондай-ақ оларды өндіруге арналған арнайы материалдар мен жабдықтарды әзірлеу, өндіру, жөндеу, алу және өткізу жөніндегі қызметті лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИДМ, ҰЭМ, Қорғанысмині	2015 жылғы қараша
----	---	---	------------------------	-------------------

";

;

ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы: мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"ҰЭМ – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі;

ИДМ – Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі.";

2) "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 29 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 143-ө өкімінде:

көрсетілген өкіммен бекітілген "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 29 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің және құқықтық актілердің тізбесінде:

реттік нөмірлері 323, 324 және 325-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

323	Босатылатын оқ-дәрілерді, қару-жарақтарды, әскери техниканы, арнайы құралдарды жою (құрту, кәдеге жарату, көму) және қайта өңдеу жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы	бұйрық	ИДМ, ҰЭМ, ІІМ, Қорғанысмині	2015 жылғы желтоқсан
324	Жауынгерлік қол атыс қаруы мен оның патрондарын жасау, өндіру, жөндеу, сату, сатып алу жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы	бұйрық	ИДМ, ҰЭМ, ІІМ, Қорғанысмині	2015 жылғы желтоқсан
325	Монтаждауды, реттеуді, жаңғыртуды, орнатуды, пайдалануды, сақтауды, жөндеуді және сервистік қызмет көрсетуді қоса алғанда, оқ-дәрілерді, қару-жарақ пен әскери техниканы, олардың қосалқы бөлшектерін, жиынтықтаушы бұйымдары мен аспаптарын, сондай-ақ оларды өндіруге арналған арнайы материалдар мен жабдықтарды әзірлеу, өндіру, жөндеу, сатып алу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы	бұйрық	ИДМ, ҰЭМ, ІІМ, Қорғанысмині	2015 жылғы желтоқсан

"

Премьер-Министр

К.Мәсімов